

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№970440001588/260038/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы атынан Директор Жұрмағамбет Қобылан Қалтайұлы бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП "БЕКТУРГАНОВ ЕРМЕК", Мемлекеттік сатып алулардың қорытынды хаттамасы негізінде әрекет ететін Басшысы Бектурганов Ермек Полатович атынан екінші тараптан, тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі Мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары жайлы хаттама конкурстың қорытындылары туралы 2026-06-30 жылы жасалған хаттама негізінде тауарларды жеткізу туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:
ерекшелігі бойынша 082-015-141 ;

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі);
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3 Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) «Дүлей күш (форс-мажор)» - төтенше және тойтаруға болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) «Тапсырыс беруші» - орган немесе орта білім беру ұйымы;

3) «Өнім беруші» - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

4) «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;



5) «Шарттың бағасы» - Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома. Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 168 603.15 (жүз алпыс сегіз мың алты жүз үш тенге он бес тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт «Бағдарламаның коды мен атауы» бюджеттік бағдарламасы, «Кіші бағдарламаның коды мен атауы» кіші бағдарламасы, «Ерекшелік коды мен атауы» - «ерекшелік бойынша сома», Шарт 082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 141 Азық-түлік өнімдерін сатып алу ерекшелігі бойынша - 168 603.15 (жүз алпыс сегіз мың алты жүз үш тенге он бес тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы қаражаттар есебінен каржыландырылады. теңге ерекшелігі бойынша («ерекшелік бойынша сома жазумен»), «оның ішінде ҚҚС» «ҚҚС сомасы» теңге/ «ҚҚС есепке алмағанда» 2026 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада келтірілген.

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде оларды бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Орауыш қандай да бір шектеулерсіз қарқынды көтергіш-көліктік өңдеуге және тасымалдау, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне төзуі тиіс. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының болуын ескеру қажет;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

7) тауарларды қабылдау-табыстау актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

8) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқықты.

4 Тауарлардың техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап 3 ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер

олар Өнім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторлары Осы құжат Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге толық берген жағдайда жеткізу техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.

5.2 Осы Шарттың 5.1-тармағындағы талаптар сақталған жағдайда, Өнім берушінің Тауарды қабылдау-табыстау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/табыстау күні болып есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмаға сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда орауышты ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың сапасы дайындаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жарнамалық акт жасайды, ал Өнім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жаңасымен алмастырады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындамаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл,



өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіпалған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9 Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10 Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт «қол қойылған күнінен бастап» күшіне енеді және 2026-12-31 жылы әрекет етеді.

8.2 Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

8.3 Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кез келген уақытта біржақты тәртіппен бас тарта алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе іс-әрекеттер жасауға



немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттеме алмайды.

8.4 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, толық немесе ішінара бұза алады

8.5 . Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;

2) ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурс қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6 Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі. Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күніне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

~~10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және~~

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде жол беріледі.

12.4 Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Тараптардың деректемелері



Тапсырыс беруші:

"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Актюбинская область, Алгинский район,
с.Болгарка, КЕРДЕРИ АБУБАКИР, 16
БСН 970440001588
БСК ККМФКZ2A
ЖСК KZ11070102KSN0601000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87054727045
Директор Жұрмағамбет Қобылан
Қалтайұлы

Өнім беруші:

ИП "БЕКТУРГАНОВ ЕРМЕК"
Актюбинская область, Алгинский район,
г.Алга, Набережная, д. 13
БСН/ЖСН 820320301485
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ776010121000042938
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 87711824444
Басшысы Бектурганов Ермек Полатович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ө. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 17246184-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
082-015-141 : Азық-түлік өнімдерін сатып алу												
85077588-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шай	гибискус, емдік-профилактикалық тамақтануға арналған	каркаде	Килограмм	2	2 327.59	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (2)	0	4 655.18



85077457-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Фарш	қатырылған, балықтан	қатырылған, балықтан	Килограмм	30	1 120.69	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (30)	0	33 620.70
85077359-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Какао-ұнтақ	қантсыз	Какао-ұнтақ	Бір буда	5	344.83	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (5)	0	1 724.15
85077297-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Лавр жапырағы	құрғақ	Лавр жапырағы	Бума	3	137.93	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қол қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (3)	0	413.79



85077500-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қаймақ	майлылығы 20,0-32,2%	Қаймақ	Килограмм	15	862.07	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (15)	0	12 931.05
85077307-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ашытқылар	наубайлық, кептірілген	наубайлық, кептірілген 80гр	Дана	6	431.03	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (6)	0	2 586.18
85077405-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сиыр еті	суытылған, тұтас ет, I санат	говядина	Килограмм	25	3 448.27	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (25)	0	86 206.75



85077554-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кептірілген нандар	ұн өнімдерінен, кептірілген	панировочные сухари	Дана	25	344.83	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (25)	0	8 620.75
85077282-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ванилин	кристалдар	Ванилин 15 гр	Бір буда	30	43.10	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (30)	0	1 293.00
85077515-ОИ5	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Болгар мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бұршақ	жасыл, жоғары сұрып	жасыл, жоғары сұрып	Дана	40	413.79	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	келісім шартқа қойған күннен бастап жыл соңына дейін	Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Болгарка а. Болгарка ауылы, Кердери Абубакир көшесі 16 (40)	0	16 551.60



Договор о поставке товаров

Актюбинская область

№970440001588/260038/00

Коммунальное государственное учреждение "Болгарская школа-сад" государственного учреждения "Отдел образования Алгинского района Управления образования Актюбинской области", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице Директор Жұрмағамбет Қобылан Қалтайұлы, действующий на основании устава, с одной стороны и ИП "БЕКТУРГАНОВ ЕРМЕК", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», в лице Руководитель Бектурганов Ермек Полатович, действующего на основании протокол об итогах госзакупа, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Итоговый протокол о проведении государственных закупок конкурса по выбору поставщика товаров, состоявшегося 2026-06-30 заключили настоящий договор о поставке товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в техническом задании, являющимся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 082-015-141 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень приобретаемых товаров;
- 3) техническое задание;
- 4) обеспечение исполнения Договора.

1.3 В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

1) «Непреодолимая сила (Форс-мажор)» - чрезвычайные и непредотвратимые события (стихийные явления, военные действия и другие). К таким обстоятельствам не относится, в частности, отсутствие на рынке нужных для исполнения товаров;

2) «Заказчик» - орган или организация среднего образования;

